

**№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінің мектеп кітапханашысы
Г.Сариеваның 2023 – 2024 оқу жылының І жартыжылдығында атқарған
жұмыстарының есебі**

Биылғы оқу жылында жалпы оқушы саны: 524

Оқушылардың кітаппен қамтылуы: 100%

1 сынып бойынша 123 шт оқулық берілді. Олар: математика, дүниетану, әліппе, жаратылыстану, музыка, **цифрлық сауаттылық**, көркем еңбек.

2 сынып бойынша 134 шт оқулық берілді. Олар: математика, әдебиеттік оқу, қазақ тілі, жаратылыстану, дүниетану, **цифрлық сауаттылық**, көркем еңбек, орыс тілі.

3 сынып бойынша 141 оқулық берілді. Олар: қазақ тілі, әдебиеттік оқу, математика, орыс тілі, жаратылыстану, дүниетану, **цифрлық сауаттылық**, көркем еңбек, музыка, ағылшын.

4 сынып бойынша 124 оқулық берілді. Олар: математика, қазақ тілі, әдебиеттік оқу, орыс тілі, жаратылыстану, дүниетану, **цифрлық сауаттылық**, көркем еңбек, музыка, ағылшын.

Жеткіліксіз оқулықтыр: 2 сынып бойынша цифрлық сауаттылық, еңбекке баулу

3 сынып бойынша математика, жаратылыстану, дүниетану, ағылшын, көркем еңбек, музыка.

4 сынып бойынша **цифрлық сауаттылық**, жаратылыстану, дүниетану, ағылшын.

Тапсырыс берілген кітаптар саны: Әдебиеттер тізімі 60 шт

Жаңадан келген оқулықтар:

2- сынып «Русский язык» - 138. Баспасы «АЛМАТЫ КІТАП»

1-2- ші сынып оқушыларына арналған электрондық оқулықтар саны:

1- сынып «Цифрлық сауаттылық» саны - 143.

2- сынып «Цифрлық сауаттылық» саны - 140.

1-сынып «Еңбекке баулу» саны - 14

2- сынып «Русский язык» саны – 7.

Кітапхана оқырмандарының саны- 82.

Басқа оқырмандар саны – 43.

Келіп кетушілер саны – 107.

Берілген кітап саны – 196.

Баспасөз түрлері – 16.

Жоспар бойынша атқарылған іс – шаралар: «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында.

Тәуелсіз еліміздің өмір сүріп отырған ұлт өкілдері арасындағы достық пен бірлікті нығайту барысында мемлекеттік тілге құрмет сезімдерін қалыптастыру мақсатында және 5-қыркүйек тіл жанашыры Ахмет Байтұрсынұлының 151 жылдық мерейтойына орай мектеп кітапханасында мерекелік іс- шара болып өтті. Іс –шараға 3-4 сынып оқушылары белсене ат

салысты. Іс-шараға қатысқан оқушылар үш тілде өлең, тақпақтарды мәнерлеп нақышында оқып шықты.

Өскелең ұрпақты өз отбасына деген сүйіспеншілігін арттыру, бауырмалдық, мейірімділік сезімін ояту, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор жасау, сыпайы, ілтипатты болуға тәрбиелеу мақсатында мектеп кітапханасында кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге қатысқан оқушылар ұсынылған әдебиеттерге қызығушылық танытып, отбасының маңызды құндылық екені жайлы, өздеріне қажетті мағлұмат алды. Көрмеге «Отбасылық тәрбие», «Қалай жақсы ата- ана болу керек», «Қазақтың отбасылық дәстүрлері» сияқты кітаптар қойылды.

Мектеп кітапханасында оқушылар арасында «Балалық шаққа саяхат» атты іс-шара өтті. Бердібек Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат» атты шығармасы негізделді. Басты кейіпкері Бердібек атамyzдың өзі. Бала Бердібек ауладағы балалармен ойнайтын. **Сүйгіп жүріп мектепке барады.** Мектепте парта болмағандықтан жерде отырып сабақ оқитыны, оқуға құштарлығы айтылды.

Мақсаты: Қазақ балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың өмірі мен шығармашылығын таныстыра отырып, оқушының кітап оқуға деген қызығушылығын дамыту.

Мектеп кітапханасында «Халық тәрбиесі асыл қазына» таырыбында 4-сынып оқушылар арасында байқау өткізілді. Салт дәстүрге байланысты суреттер, мақал – мәтелдер айтылды.

Мақсаты: Қазақ халқының қанына сіңген ізгі адамгершілік қасиеттерінің халықтың салт -дәстүрімен сабақтастығын түсіндіру. Иmandылық, инабаттылық, ізеттілік қасиеттерін қалыптастыру, тәрбиелік мәні бар салт-дәстүрлерді бойына сіңіру.

Көрмеге, Қазақстан Республикасы Ұлттық валютасының айналымға түскеніне 30 жыл толуына орай, төл теңгеміздің суреттері қойылды.

Көрменің мақсаты – Оқушыларға ең алғашқы ұлттық валютамыз -қазақ теңгесі 1993 жылы Англияның «De La Rue» фабрикасында басылғанын, валютаның суретшілері Тимур Сүлейменов, Меңдібай Алин, Ағымсалы Дүзелханов, Қайролла Әбжәлеловтер тер төккені айтылды.

Мектеп кітапханасында Тәуелсіздік күніне арналған «Желтоқсан ызғары» атты 3-4 сынып оқушылары арасында мәнерлеп оқу шарасы өткізілді. Сонымен қоса оқушылар Тәуелсіздік күніне арнап суреттер салды.

Мақсаты: Оқушыларды ұлттық рухта тәрбиелеу, Отанын мақтаныш тұтуға «Тәуелсіздік» атты киелі ұғымды оқушы бойына сіңіру, туған өлкесінің тарихын құрметтеуге, қоғам қайраткерлерінің еңбегін бағалауға тәрбиелеу.

7. Мектеп кітапханасында Тәуелсіздік күні мерекесіне орай «Тәуелсіздік таңы» атты тақырыпта кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрме Қазақстан тарихында халқымыздың ұлттық сана сезімінің қалыптасуындағы, оның

қазіргі әлемдегі өз ролі , тәуелсіздік пен мемлекетіміздің егемендікке қол жеткізгендегі маңызды кезеңдері туралы ақпарат береді.

Мақсаты: Оқушыларға Тәуелсіздік – Желтоқсанның жемісі , Тәуелсіздік жолындағы күрестерді ғасырлар қойнауына жалғасып келе жатқан ұлы тарихтың бір белгісі екендігін түсіндіру.

Оқуға құштар мектеп жобасы аясында қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл толуына орай «Халқым деп соққан жүрегі» тақырыбында іс-шара өткізілді. Іс-шараға 3-4 сынып оқушылары қатысты.

Мақсаты: Оқушыларға Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың өмірбаяны жайлы айтылды. Оқушылар ақынның «Ұран» «Жазушыларға» «Оқу,білім» «Жазғы шілде» т.б. тапқартарын жатқа айтты.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Қазақ ақыны, философ, аудармашы, композитор, тарихшы, жазушы Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл толуына орай мектеп кітапханасында «Қазақ айнасы» атты іс-шара өткізілді. Іс-шараға 2-3 сынып оқушылары белсене ат салысты. Іс-шараға қатысқан оқушылар ақынның өмірбаянымен танысып тапқартар айтты.

Мақсаты: оқушылардың Ш.Құдайбердіұлы туралы білімдерін дамыту, рухани адамгершілік қағидаларымен танысу.